

## **6B01506 «ГЕОГРАФИЯ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ»**

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының коды және атауы:** 6B01 Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағытының коды және атауы:** 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау

**Берілетін дәрежесі:** 6B01506 «География мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

**Бағдарламаның типі:** бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 240 академиялық кредит/240 ECTS

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

#### ***1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы***

«География мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

#### ***1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:***

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

#### ***1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:***

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

#### ***1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері***

##### ***Оқытушылық:***

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;

- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

#### ***Тәрбиелік:***

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

#### ***Әдістемелік:***

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

#### ***Зерттеушілік:***

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

#### ***Әлеуметтік коммуникативтік:***

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

### **БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ**

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.

4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жанартуда белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**ББ бойынша оқу нәтижелері:** Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

**ON1** – толеранттылық, басқа мәдениет пен көзқарасқа құрмет, жауапкершілік, көшбасшылық, креативтілік, ашықтық, патриотизм көрсете білу;

**ON2** – коммуникацияның әр түрлі тәсілдерін, соның ішінде тілдік дағдыларды, топта және жеке жұмыс істей білу, сыни ойлау дағдыларын қолдану;

**ON3** – географиялық ғылымның ұғымдары мен терминдерін тұжырымдау және түсіндіру; физикалық және әлеуметтік-экономикалық географияда іргелі білім мен дағдыларды интеграциялау;

**ON4** – қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен рационалды пайдаланудың жаратылыстану-ғылыми, әлеуметтік-экономикалық негіздерін түсіндіру;

**ON5** – зерттеудің әртүрлі әдістерін қолдану; деректерді жинау, өңдеу, ақпараттың түрлі көздерін пайдалану (АКТ және т. б.) және дербес шешімдерді қабылдай алу;

**ON6** – географиялық білімді, кеңістіктік ойлау мен картографиялық, геоақпараттық дағдыларды практикада қолдану;

**ON7** - табиғат пен қоғамның өзара байланысына, осы қарым-қатынастардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды дифференциациялау;

**ON8** – табиғи және антропогендік объектілерді, құбылыстар мен үрдістерді, қоршаған ортаның аумақтық айырмашылықтарын қамтитын әлемнің географиялық бейнесін бағалау;

**ON9** – білім берудің жаңартылған мазмұнының мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық технологияларын қолдану;

**ON10** – пән бойынша таңдалған мақсаттарға, оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалауды және диагностикалауды қолдана білу;

**ON11** - білім беру концепцияларын, кәсіптік саладағы проблемалардың шешімін және қорытындылардың тұжырымдарын талдау; рефераттау мен өмір бойы білім алу дағдыларын практикалау.

**Пәндер туралы мәліметтер**

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)										
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклі</b>														
<b>Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті</b>														
1	<i>Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім</i>	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.	5	+			+			+				
<b>Базалық пәндер циклы</b>														
<b>Жоғары оқу орны компоненті</b>														
2	<i>Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы</i>	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқушылардың қабілеттерін айқындау мен дамыту, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту біліктілігін қалыптастырудың және балалардың денсаулығын қорғау, дене	5	+									+	

		шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері сипатталады.												
3	<b><i>Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі</i></b>	Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы сипатталады.	5	+	+							+		+
4	<b><i>Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар</i></b>	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске асыруы жолдары қарастырылады	5	+									+	+
5	<b><i>Жалпы жертану</i></b>	Геосфераның құрамдас бөліктері, құрылымы, даму заңдылықтары, динамикалық ерекшеліктері іс әрекеті мен дамуы, біртұтас ғаламдық табиғат кешені ретінде қарастырылады. Табиғат компоненттерінің өзара байланысы мен өзара үйлесімділігін, физикалық географияның теориялық тұжырымдарын, заңдылықтарын, географиялық қабықшаның дамуын, табиғатты тиімді пайдалану мәселелерін талдайды. Күнделікті өмірде жаратылыстану-ғылыми білімді пайдалану, ғылыми ұғымдарды меңгеріп, жаратылыстану-ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын	5		+	+	+	+	+	+	+			

		қалыптастырады													
6	<b>Жаратылыстану</b>	Табиғат туралы негізгі ғылымдар, олардың ортақтығы мен айырмашылықтары; танымның жаратылыстану-ғылыми әдісі, оның құрамдас бөліктері, ғаламдағы табиғат заңдарының бірлігі; техниканың, технологиялардың ғылыми ашылымдары мен дамуының өзара байланысы; әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастыруға ұлы ғалымдардың қосқан үлесі оқытылады. Жаратылыстану-ғылыми ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастырады, күнделікті өмірде білімдерін қоршаған ортаны қорғауда, энергияны үнемдеуде, тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде пайдаланады	4		+	+	+	+	+	+	+				
7	<b>1. Картография топография негіздерімен</b>	Географиялық карта туралы жалпы түсінікті, масштабты, карталардың математикалық негізін, картографиялық проекциялар, карталардың жіктемесін, географиялық картадағы жазулар, тақырыптық карталар, атластар, ұсақ масштабты карталарды пайдалануды, топографиялық карта және оны пайдалану, топографиялық картадағы географиялық және тік бұрышты координаттарды, топографиялық карталар бетінде географиялық объектілерді кескіндеуді, географиялық картамен жұмыс жасауды меңгертеді.	5		+	+		+	+						
	<b>2. Топография геодезия негіздерімен</b>	Топография геодезия негіздері курсының мақсаты мен міндеттері, топография мен геодезияның негізгі ұғымдары мен терминдері, топографиялық карталар түрлері қарастырылады. Топографиялық карталарды													

		жасау әдістері, жергілікті жерді түсіру, топографиялық карталармен жұмыс жасауды үйренеді. Жергілікті жердің топографиялық түсірілімінің түрлері қарастырылады және олармен жұмыс жасайды												
8	<b>1. Метеорология және климатология</b>	Атмосфераның құрамы мен құрылысын, негізгі атмосфералық процестерді, жердің сәуле және жылу тепе-теңдігін, жер бетіндегі радиацияны және жылу балансын, атмосферадағы ылғал айналымын, атмосферадағы циркуляцияны қарастырып, метеорологиялық бақылау әдістерін қолдана алады. Жер бетінің климатын, климат түзуші факторларды, климаттың географиялық таралу ерекшеліктерін және климаттық белдеулер сипаттамаларымен танысады.	6		+	+	+	+	+	+	+			
	<b>2. Жалпы метеорология</b>	Метеорологияның жалпы сұрақтары қарастырылады: атмосфераның құрылысы мен айналымы; атмосфераның және жер бетінің радиациялық балансы; жылу балансы; атмосферадағы су; бұлттылықтың қалыптасуы және түрлері; атмосфералық жауын-шашын; жел және оның негізгі түрлері; әртүрлі метеорологиялық сипаттамаларды өлшеуге арналған әдістер мен аспаптар, сондай-ақ оларды есептеу мысалдары.												
9	<b>Ландшафттану және физикалық-географиялық аудандастыру</b>	Жердің ландшафттық сферасының барлық табиғи компоненттерінің біртұтас бірлігі туралы түсінік беретін географиялық пән болып табылады. Бір-бірімен тығыз байланыста болатын табиғи жүйелердің құрылымын, эволюциялық даму ерекшелігі мен динамикалық өзгерістерін, қоныс және	5		+	+	+	+	+	+	+			

		фация, биіктік белдеулер мен ендік зоналылықты, физикалық-географиялық аудандастыру туралы түсінік береді.												
10	<i>Геоэкономика және интеграциялық процесстер</i>	Әлемдік экономикалық жүйе бірлігі. Геоэкономикалық кеңістіктегі тауарлық өндірістің өзгеріс бағыттары. Интерұлттық және ұлттық экономика түсінігі. Геоэкономикалық жүйедегі әлемдік еңбек бөлінісінің қазіргі құрылымы. Олардың көптүрлілігі және стратегиялық тұрғыдан әрқилы әрекеті. Интеграциялық процесстер мен халықаралық экономикалық байланыстармен таныстырады.	4		+	+	+	+	+	+	+			
11	<i>Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы</i>	Дүние жүзінің саяси картасын, табиғат жағдайлары мен ресурстарын, халқын, шаруашылығын, өнеркәсібін, еңбек ресурстарын, халықаралық экономикалық байланыстарын қарастырады. Дүние жүзі аймақтары бойынша мемлекеттердің құрамы мен құрылымын, негізгі даму бағыттарын, сыртқы экономикалық байланыстары мен ішкі айырмашылықтарын, геосаяси жағдайларын, ғаламдық мәселелермен таныстырады.	8		+	+	+	+	+	+	+			
<b>Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті</b>														
12	<i>1. Жалпы геология</i>	Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы, геохронологиялық кесте, геологияның салалық құрылымы, геологиялық процесстер жайлы терең және жүйелі білім бере отырып, жер қойнауында және жер бетінде болып жататын табиғи процесстерді дұрыс түсінуге, жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды	4		+	+	+	+	+	+	+			



		рационалды пайдалануға жер қойнауын қорғауға бағыт береді.												
	<b>2. Палеогеография</b>	Жердің өткен геологиялық дәуірлердегі физико-географиялық жағдайларын зерттеумен айналысатын ғылым. Жердің географиялық қабығының даму заңдылықтарын және табиғат пен адамның өзара әрекеттестігінің тарихымен таныстырады. Қазіргі табиғи ортаның жағдайын бағалау үшін әр түрлі аймақтағы палеогеографиялық табиғи өзгерістердің себептерімен танысады. Үгілу қабығының қалдықтарын, қазба топырақтарды, тоңды формацияларды, флора мен фаунаны, археологиялық қоныстарды зерттеуге негізделген.												
13	<b>1. Географиялық зерттеу әдістері</b>	География ғылымында ақпарат алудың әртүрлі тәсілдері, олардың ерекшеліктерін қарастырады. Географиялық зерттеу әдістері - табиғат пен қоғамдағы үрдістер мен құбылыстардың аймақтық ерекшеліктерін және кеңістіктік-уақыттық үлгілерін анықтау үшін географиялық ақпаратты талдау әдістері. Жалпы ғылыми және пәндік-географиялық, дәстүрлі және заманауи әдістер.	3		+	+	+	+	+	+	+			
	<b>2. Далалық географиялық зерттеу әдістері</b>	Табиғи-далалық зерттеулер әдістемесінің теоретикалық мәселелерін, топырақ жамылғысының зоналар бойынша таралуын, қасиетін, механикалық құрамын, түзілуін, жер бедерін, климат түзуші факторларын, антропогендік және экологиялық әсерлерін, топырақ жамылғысын құрайтын												

		факторларды, мелиорациялық шараларды, топырақ эрозиясы туралы білімді меңгереді.												
14	<b>1. Топырақ географиясы топырақтану негіздерімен</b>	Топырақ, оның қалыптасу заңдылықтары, құрамы, құрылымы және топырақ қабатының құрылысымен, топырақтардың сан алуан түрлерімен жан-жақты танысып, дүниежүзі топырақтарының таралуын ғылыми тұрғыдан қарастырады. Климаттық, биотикалық және антропогендік факторлар мен топырақ түзуші факторларды сипаттайды. Топырақ түрлері және олардың географиялық таралуын қарастырады.	4		+	+	+	+	+	+	+			
	<b>2. Қазақстанның топырақ географиясы</b>	Қазақстанның топырақ жамылғысының зоналар бойынша таралуын, қасиетін, механикалық құрамын, түзілуін, жер бедерін, климат түзуші факторларын, антропогендік және экологиялық әсерлерін, топырақ жамылғысын құрайтын факторларды, мелиорациялық шараларды, топырақ эрозиясы туралы білімді меңгереді.												
15	<b>1. Жалпы геоморфология</b>	Жер рельефінің құрлысын, жаралуын, даму тарихын және қазіргі динамикалық жағдайын зерттейді және құрлық беті мен мұхит түбі пішіндерінің жыйынтығын қарастырады. Геоморфология жердің беті, литосфера, атмосфера, гидросфера және биосфера қабаттарының өзара әрекет жасайтын ортасы ретінде, Жер туралы ғылымдармен байланыстарын зерттейді. Рельефтің қалыптасуында эндогендік және экзогендік үрдістердің ролін қарастырады.	5		+	+	+	+	+	+	+			
	<b>2. Қазақстанның геоморфологиясы</b>	Қазақстанның жер бедерінің пайда болып қалыптасуын, геоморфологиялық зерттеулер,												

		жер бедерінің түрлері, типтері, ерекшеліктері, Қазақстанда геоморфологияның дамуы, жер бедерінің құрылымдық ерекшеліктері, морфоструктура, морфоскульптура, жер бедерінің қалыптасуында экзогендік және эндогендік процесстердің ролі қарастырылады. Жер бедері жер бетінің формасы ретінде басқа табиғи компоненттерге әсері мен байланысын анықтайды.											
16	<b>1. Жалпы гидрология</b>	Гидросферада болып жатқан процесстермен, су объектілерінің ерекшеліктерімен, олардың қоршаған ортамен өзара байланысымен таныстырады. Географиялық ортамен тікелей байланысты гидрологиялық құбылыстар мен процесстер туралы түсінік береді және табиғаттағы суды географиялық ландшафттың ажырамас бөлігі ретінде, Жер бетіндегі су қоры, құрлық сулары, мұхит сулары, олардың ерекшеліктері, гидрологиялық режимін қарастырады.	5	+	+	+	+	+	+	+			
	<b>2. Құрлық гидрологиясы</b>	Құрлық гидрологиясы, жер беті табиғи суларын, ондағы болып жатқан құбылыстар мен процесстерді, сонымен қатар жер беті бойынша және топырақ-грунт қабаттарында судың таралуын зерттейді. Гидросфера географиялық қабықтың құрамдас бөлігі болып табылады, яғни табиғи сулар, жер бетіндегі барлық физикалық-географиялық процесстерге қатысады. Бұл пән табиғи процесстердегі зат айналымының маңызды бөлігі ылғал айналымын қарастырады.											

17	<b>1. Биогеография</b>	Жер бетінің флорасы мен фаунасы, олардың географиялық таралу заңдылықтары мен қазіргі кездегі антропогендік әрекетінің нәтижесінде флора мен фаунаға кері әсерлері мен экологиялық мәселелері туралы терең білім беруге бағытталған. Өсімдіктер мен жануарлардың экологиялық, геологиялық тарихи қалыптасу ерекшеліктерін ескеріп жер шары флорасы мен фаунасын әр түрлі аймақтарға бөліп, жекелей сипаттама береді.												
	<b>2. Қазақстанның биогеографиясы</b>	Бұл курс Қазақстанның флорасы мен фаунасы, олардың географиялық таралу заңдылықтары мен сондай-ақ қазіргі кездегі адамзат баласының саналы әрекетінің нәтижесінде флора мен фаунаға кері әсерлері мен экологиялық мәселелері туралы терең білім беруге бағытталған. Қазақстанның Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлары туралы және фито- және зоогеографиялық аудандастырылуын қарастырады.	5	+	+	+	+	+	+	+				
18	<b>1. Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ)</b>	Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЗ) - кеңістіктік (географиялық) деректер мен нысандарды ақпаратты графикалық визуализация жүйесі, географиялық мәліметтерді жинап, деректерді бағдарламалық – техникалық кешенде сақтап, өңдеп, қайта қолдану, тұжырым жасау, ақпараттарды шығару үшін қолданылады. Қоршаған ортада табиғи құбылыстармен қатар антропогендік процестерді зерттеуде автоматтандырылған программалық өнімдер арқылы зерттеп, болжам жасап, алдын алуға мүмкіндік береді.	6				+	+			+			

	<b>2.Әуеғарыштық зерттеу әдістері</b>	Аэроғарыштық зерттеулер қашықтан зерттеу әдістерінің нұсқасы, тікұшақтар, ұшақтар, ғарыш аппараттары, орбиталық станциялар және әртүрлі арнайы ғарыш аппараттары арқылы ландшафтардың қасиеттерін, олардың өзгеруін зерттеу әдістерінің жүйесі. Көрнекі, фотографиялық, электронды және геофизикалық зерттеу әдістері бар. Аэроғарыштық зерттеулерді қолдану картография процесін жылдамдатады, жеңілдетеді және қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуді ұйымдастыруда үлкен маңызға ие.												
19	<b>1.Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе</b>	Экономикалық және әлеуметтік география пәнінің мақсаттары мен міндеттері. Негізгі даму кезеңдері. Физикалық география және басқа ғылымдармен байланысы, экономикалық-географиялық зерттеулер әдістемесі. Экономикалық және әлеуметтік географияның іргелі категориялары, тұжырымдары және теориялары: табиғи-ресурстық әлеуеті, оның түсінігі, құрылымы; географияның аса маңызды мәселесі: адамзаттың ғаламдық проблемалары және оларды шешудегі экономикалық және әлеуметтік географияның міндетін қарастырады.	4		+	+	+	+	+	+	+			
	<b>2. Саяси география геосаясат негіздерімен</b>	Саяси география геосаясат негіздерімен әлемдік және аймақтық саяси мәселелердің өзара әрекеттесуін зерттеу, саяси іс-әрекеттердің елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық географиясының дамуына әсерін қарастырады. Мемлекеттердің саяси, экономикалық,												

		әлеуметтік, әскери, стратегиялық, халықаралық байланыс пен сыртқы саясатқа қатыстылығын қарастырады. Мемлекеттің геосаяси жағдайының оған көрші жатқан елдермен аймақтарға әсері. Геосаяси жағдайлар (макрожағдай, мезожағдай, микрожағдай) түсіндіріледі.												
20	<b>1.Ғаламдық география</b>	Ғаламдық география планетарлық процестер мен құбылыстардың кеңістіктік көрінісін зерттейді. Жаһандану терминінің ұғымы мен мәнін түсіндіреді. Жаһандану процестері, он және теріс жақтары, түрлері. Ғаламдық, интеграциялық және экономикалық процестер. Адамзаттың ғаламдық проблемаларын, соның ішінде экологиялық, энергетикалық, азық-түлік, шикізат, демографиялық, табиғат пен қоғам дамуының географиялық аспектілерімен таныстырады. Қазақстан мен дүние жүзіндегі жаһанданудың көрінісі.	4		+	+	+	+	+	+	+			
	<b>2.Қазіргі дүние географиясы</b>	Пәннің мазмұны студенттердің әлеуметтік және экономикалық география пәндерінен алған білімдеріне негізделіп, қазіргі заманғы дүние географиясының маңызды мәселелерін қамтиды. Студенттерге қазіргі дүниеде болып жатқан процестердің географиялық аспектілері жайлы терең білім беріп, қазіргі заманғы табиғи, әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайға географиялық ойлау тұрғысынан баға берудің негізін қалыптастыру болып табылады.												
21	<b>1. Қазақстанның экономикалық</b>	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясына жалпы шолу, географиялық			+	+	+	+	+	+	+	+		

	<b>және әлеуметтік географиясы</b>	орны, шекарасы, табиғи ресурстық әлеуеті және әкімшілік-аумақтық бөлінуі; халқы және ұлттық құрамы, шаруашылық кешенінің құрылымы және оның салалары. Қазақстанның экономикалық аудандарына сипаттама. Экономикалық аудандарының табиғат ресурстары мен шаруашылық географиясының ерекшелігін, халқы мен еңбек ресурстарын, экологиялық ахуалын қарастырады.	5											
	<b>2. ТМД-ң экономикалық және әлеуметтік географиясы</b>	ТМД елдерінің экономикалық және әлеуметтік географиясына жалпы шолу. ТМД елдерінің географиялық орны, шекарасы, басқару формасы мен құрылымы, табиғи ресурстық әлеуеті және әкімшілік-аумақтық бөлінуі; халқы және оның құрамы, еңбек ресурстарын, шаруашылық кешендерінің құрылымы, ерекшелігі және оның салалары, экономикалық аудандарына сипаттама. ТМД елдерінің экономикалық байланыстары мен интеграциялық процестерін, экологиялық ахуалын қарастырады.												
22	<b>Географияны оқыту әдістемесі</b>	Географияны оқыту әдістемесінің проблемалары, географияны оқыту әдістемесінің басқа ғылымдармен: география, дидактика, психологиямен байланысын, географияны оқытудың әдістері мен зерттеудің теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін біле отырып практикамен байланыстырып оқиды. Географияны оқытудың заманауи әдістері, Қазақстандағы оқыту әдістемесін жетілдіру. Білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқытудың мәселелері мен артықшылықтары. Бағалау	5		+						+	+	+	

		критерийлері, әдістері, формалары.												
23	<i>Мектептегі оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері</i>	Жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту мәселелері. Білім беру сапасы туралы түсінікті, оқыту сапасын бақылауды ұйымдастырудың әдіснамасын, оқудың сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін сипаттай отырып, оқыту барысында оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдардың қолдануды, бағалаудың шығу тарихын, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау түрлерін меңгереді. Бағалаудың өлшемдері мен қызметі, әдістері мен формалары туралы білімін жетілдіреді.	5		+							+	+	
24	<i>2. Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру</i>	Оқытудың инновациялық технологиялары және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстырады. География сабақтарында білім берудің тиімділігін арттыруда оқытудың инновациялық технологияларын қолдану жолдарын зерттеу. Инновациялық технологиялардың теориялық және практикалық негіздері, инновациялық технологиялардың түрлері, әдістері, функциялары, олардың оқу процесіндегі тиімділігі; пәнаралық инновациялар, жалпы әкімшілік инновациялар, инновациялық технологиялардың оқушыларды ынталандыруға әсері оқытылады.	4		+							+		+
<b>Бейіндеуші пәндер циклі</b>														
<b>Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті</b>														
25	<i>Геоэкология және табиғатты қорғау</i>	Экологиялық факторлар және олардың геожүйеге әсері, Қазақстанның жеке аймақтарының экологиялық проблемалары, табиғат қорғаудың қазіргі кезеңдегі міндеттері, геожүйенің антропогендік әсерге	4		+	+	+	+	+	+	+			



		тұрақтылығын қарастырылады. Экожүйе мен геожүйе арасындағы географиялық айырмашылықтарды, ландшафттардың экологиялық қасиеттерін, Қазақстанды геоэкологиялық аудандастыру, геоэкологиялық болжам, геожүйенің экологиялық деңгейін қарастырады.											
26	<b>Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы</b>	Жер шары қабықтарының жалпы заңдылықтарын зерттеу, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерінің географиялық орны мен табиғат жағдайлары, материктер мен мұхиттар табиғатының кеңістікте жіктелуі мен физикалық географиялық аудандастырылуы сипатталады. Түрлі аумақтардың ашылу және зерттелу тарихын, жердің аумақтық жіктелу заңдылықтарын, табиғат объектілерінің географиялық сипаттамасы мен орнын, материктер мен мұхиттардың номенклатура жиынтығын меңгереді.	6		+	+	+	+	+	+	+		
27	<b>Топонимика</b>	Топонимдер мен топонимика туралы түсінік, топонимиканың теориялық негізгідері. Географиялық атаулардың шығу тегін (этимологиясы) және мағынасын (семантика) ашу арқылы студенттердің географиялық танымдылық білім шеңберін кеңейтеді. Жалпы топонимикалық заңдылықтарымен, оның басқа ғылым салаларымен байланыстылығы, (тарих, тіл этнография ауыз әдебиеті) сонымен бірге жеке аймақтар мен елдердегі топонимикалық жүйелердің ерекшеліктерімен, топонимиканың қолданбалы маңызымен таныстырады.	4		+	+	+		+	+			
28	<b>1.Қазақстанның физикалық</b>	Қазақстанның физикалық географиялық жағдайын алуан түрлі екендігін, оларды	6		+	+	+	+	+	+	+	+	

	<b>географиясы</b>	қалыптастырудағы географиялық заңдылықтарды, табиғи ерекшеліктерін қарастырып, республикамыздың табиғат кешендерінің таралу заңдылықтарын зерттейді. Жекеленген аймақтардың физикалық-географиялық ерекшеліктерін, табиғат кешендерінің бір-бірімен қарым-қатынасы, табиғат кешендеріндегі құбылыстар мен процестерді, Қазақстан аумағының ландшафт бірліктерінің күрделі құрылымдарын зерттеуге үйретеді.												
	<b>2. ТМД- ның физикалық географиясы</b>	ТМД-ның физикалық географиялық жағдайын алуан түрлі екендігін, оларды қалыптастырудағы географиялық заңдылықтарды, табиғи ерекшеліктерін қарастырып, ТМД табиғат кешендерінің таралу заңдылықтарын зерттейді. Жекеленген аймақтардың физикалық-географиялық ерекшеліктерін, табиғат кешендерінің бір-бірімен қарым-қатынасы, табиғат кешендеріндегі құбылыстар мен процестерді, ТМД аумағының ландшафт бірліктерінің күрделі құрылымдарын зерттеуге үйретеді.												
29.1.	<b>Дүние жүзінің табиғи ресурстар географиясы</b>	Табиғи ресурстардың географиясы табиғи ресурстардың жекелеген түрлерінің және аумақтық бірлестіктерінің орналасуын және құрылымын, оларды экономикалық бағалау және ұтымды пайдалану проблемаларын зерттейді. Табиғи ресурстардың географиясы жер қорлары; орман және басқа да өсімдік ресурстары; климаттық ресурстар; жер ресурстарын; жануарлар дүниесі; жер қойнауының ресурстары; мұхиттық ресурстар және т.б. қарастырады.	5	+	+	+	+	+	+	+				

29.2.	<b>Қазақстанның туризм және киелі жерлер географиясы</b>	Қазақстан туризмінің географиясы, туризм географиясының негізгі категориялары мен тұжырымдамалары, туристік ресурстар, аумақтың рекреациялық ерекшеліктерін және оның туристік тартымдылығын бағалау критерийлері, туристік әлеует ұғымдары, туристік инфрақұрылым, оның құрамдас бөліктері, Қазақстанда туризмді дамыту мәселелері зерттеледі. Қазақстанның киелі жерлер географиясының объектілері, олардың түрлері, орналасқан жері, шығу тарихы, зерттеу және пәнаралық байланыстар қарастырылады.	5	+	+	+	+	+	+	+	+			
30.1.	<b>Табиғатты пайдаланудың экономикасы мен экологиясы</b>	Бұл курс студенттердің экологиялық көзқарастарын қалыптастырып, оларды жалпы экологияның әдіснамалық негіздерімен және табиғатты тиімді пайдалануды басқарудың әдістемелік құралдарымен таныстырады, табиғи ресурстарды экономикалық бағалауға, өндірістің экологиялық шығындарын есепке алу мен талдау дағдыларын игеруге, қоршаған ортаны қорғау шараларының экономикалық тиімділігін анықтауға және т.б. мүмкіндік береді.	5		+	+	+	+	+	+	+			
30.2.	<b>Рекреациялық география</b>	Рекреациялық география физикалық және рухани күштерді қалпына келтіруге (сауықтыру, туризм және т.б.) бағытталған халықтың аумақтық (географиялық) орналасуы мен ерекшеліктерін зерттейтін географияның ғылыми бағыты. Рекреациялық ресурстарға жалпы түсінік береді, олардың әлемдік елдердегі географиясын сипаттайды. Рекреациялық ресурстардың түрлері, ерекшеліктері, аумақтық мәселелері, табиғат	5		+	+	+	+	+	+	+			

		пен қоғамның компоненттерімен өзара әрекеттесуін қарастырады.												
31.1.	<b><i>Жер ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау</i></b>	Жер ресурстарының құрылымы, мен таралу ерекшеліктерімен таныстыру, жер ресурстарының категорияларын меңгеру. Әлемдегі түрлі аймақтардың жер қорымен қамтамасыздығын, жер ресурстарын тиімді пайдалану және оның маңызы туралы білім алады. Қазіргі таңда шөлдену, яғни жарамды жерлердің шөлдерге айналуы глобальдық мәселеге айналды, сондықтан жер ресурстарының географиясы аса маңызды ілімнің бірі болып табылады.	5		+	+	+	+	+	+	+			
31.2.	<b><i>Өлкетану және өлкетану жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу</i></b>	Өлкетану аймақтың тарихи және мәдени дәстүрлерін, жергілікті табиғаттың ерекшеліктерін зерттейді. Өлкетану және өлкетанулық жұмыстарды ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізу бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Өлкетанулық жұмыстарды жүргізуде жергілікті жерде бағдарлану, демалу орындарын ұйымдастыру, тамақтану, қауіпсіздік шараларын, қозғалыс маршрутымен жүріп, өткен жерлердің топонимикасын, тамақ рациондарын құру әдістерін, т.б. меңгеруге көмектеседі.	5	+	+	+	+	+	+	+	+			
32.1.	<b><i>Жер кадастры</i></b>	Жер кадастры жұмыстары және оның маңызы туралы, әрбір жер туралы ақпараттың толықтығы, көптеген пәндер негізінде жер-кадастрлық жұмыстарды (топырақтану, геоботаника, геодезия және жерге орналастыру, экономика, жер құқығы, т.б.), жер учаскелерін сәйкестендіру және қызмет көрсетуді қамтамасыз ету жұмыстары, сондай-	5		+	+	+	+	+	+	+			

		ақ жер кадастры туралы бірыңғай ақпарат жүйесін енгізу және оны жетілдіру жұмыстарымен таныстырады.												
32.2.	<b><i>Өлкетану және туризм негіздері</i></b>	Туризмнің шығу тарихы және оның қоғамдық мәні. Туристік нысандар және оларға қойылатын талаптар. Әлемдегі туристік аймақтар мен нысандар географиясы. Туризмді дамыту алғышарттары мен мәселелерін қарастыру. Туристік инфрақұрылым түсінігі. Өлкетану жұмыстары және оның тәрбиелік мәні. Өлкетану бұрыштары мен мұражайларды ұйымдастыру әдістері. Мектепте сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуде алған білімдерін қолдану.	5		+	+	+	+	+	+	+			